

Ұ.Ш. Исмагулов* , Д.М. Исмагулова 

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: uzakbai_is@mail.ru

1924–1925 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ АҚТӨБЕ ӨңІРІНДЕГІ САЛДАРЫ

Мақалада 1924–1925 жылдары ҚазАКСР-да, оның ішінде Ақтөбе өңірінде орын алған қуаңшылық мәселесіне, оның шаруашылық жағдайына және халықтың тұрмыс – тіршілігіне тигізген әсері қарастырылады. Бұрынғы кеңестік, сондай-ақ отандық тарихнамада бұрын-соңды зерттеле бермеген сол кезеңде халық тағы да ауыр жағдайға ұшыраған еді. 1921–1922 жылдардағы аштық қасіретінен оң алмай жатқан тұрғындар басына жаңа сынақ азабы үйірілді.

Авторлар қалыптасқан жағдайдың жай ғана қуаңшылық деп бағаланған сол жылдары азық – түлік жоқтығынан тұрғындар түрлі суррогат, өсімдік тамырларын, т.б. пайдаланғандарын атап көрсетеді. Дұрыс тамақтанбау және аштық әсерінен түрлі жұқпалы аурулар тарады және тұрғындар арасында адам өлімі кездесті. Архив материалдарында бүтін бір отбасыларының аштықтан өлу фактілері тіркелген.

Билік орындары қалыптасқан ауыр жағдайларды реттеуге барынша әрекет етті. Дегенмен олардың түрлі көмек беру, қаржы бөлу жұмыстарында кемшіліктер орын алды.

Мақала мақсаты архивтік деректер негізінде Ақтөбе өңірінде орын алған аштықтың себеп – салдарын, соған байланысты үкімет пен партия тарапынан реттеу үшін қолға алынған іс – шараларды, нәтижелерді ашып көрсету.

Мақалада тарих ғылымының объективтілік, тарихилық принциптері негізге алынды, зерттеудің салыстырмалы әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

Зерттеу қорытындысы нәтижесінде авторлар ауқымы төмен деп есептелген 1924–1925 жылдардағы қуаңшылықтың Ақтөбе өңірі тұрғындары үшін қайғы-қасіреті зор болғандығы жайында тоқтамға келеді.

Түйін сөздер: қуаңшылық, шаруашылық күйзеліс, азық-түлік дағдарысы, аштық, ашыққандарға көмек, арнайы комиссиялар.

U.Sh. Ismagulov, D.M. Ismagulova

Aktobe Regional University named after K. Zhubunov, Aktobe, Kazakhstan

*e-mail: uzakbai_is@mail.ru

The drought of 1924-1925 and its consequences in the Aktobe region

This article examines the drought that occurred in 1924–1925 in the Kazakh ASSR, including the Aktobe region, and its impact on the economic situation and lives of the population. During this period, previously understudied in Soviet and Russian historiography, the people again found themselves in dire straits. Residents, still recovering from the famine of 1921–1922, faced a new challenge.

The author notes that during the years when the situation was considered a mere drought, food shortages led residents to resort to various substitutes, plant roots, and the like. As a result, poor nutrition and hunger led to the spread of various infectious diseases, and there were several deaths among the population. Archival materials document instances of entire families dying from starvation.

The authorities made every effort to address the dire situation. However, their approach to providing various aid packages and distributing funds was flawed.

This article aims to use archival data to reveal the causes and consequences of the famine that occurred in the Aktobe region, as well as the measures taken by the government and the party to address it, and their results.

This article utilizes comparative research methods, as well as principles of objectivity and historicism.

As a result of this research, the author concludes that the drought of 1924–1925, considered minor in scale, brought enormous suffering to the residents of the Aktobe region.

Keywords: drought, food crisis, famine, assistance to the hungry, special commissions.

Ү.Ш. Исмагулов*, Д.М. Исмагулова

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актөбе, Казахстан

*e-mail: uzakbai_is@mail.ru

Засуха 1924–1925 гг. и ее последствия в Актюбинском регионе

В статье рассматривается проблема засухи, произошедшей в 1924–1925 годах в Казахской АССР, в том числе в Актюбинском регионе, и ее влияние на хозяйственное положение и жизнь населения. В этот период, ранее недостаточно изученный в советской и отечественной историографии, народ вновь оказался в тяжелом положении. Жители, еще не оправившиеся от голода 1921–1922 годов, столкнулись с новым испытанием.

Авторы отмечают, что в те годы, когда сложившаяся ситуация оценивалась лишь как засуха, из-за нехватки продовольствия жители употребляли различные суррогаты, растительные корни и тому подобное. В результате из-за неправильного питания и голода распространились различные инфекционные заболевания, и среди населения встречались случаи смерти людей. В архивных материалах зарегистрированы факты, когда целые семьи погибали от голода.

Органы власти приложили максимум усилий для урегулирования сложившейся тяжелой ситуации. Тем не менее, в их работе по оказанию различной помощи и распределению финансов были неправильные подходы.

Целью статьи является на основе архивных данных раскрыть причины и последствия голода, произошедшего в Актюбинской области, а также меры, принятые правительством и партией для его урегулирования, и их результаты.

В статье были использованы сравнительные методы исследования, а также принципы объективности и историзма.

В результате проведенного исследования авторы приходят к выводу о том, что засуха 1924–1925 годов, считавшаяся незначительной по масштабу, принесла огромные страдания жителям Актюбинского региона.

Ключевые слова: засуха, продовольственный кризис, голод, помощь голодающим, специальные комиссии.

Кіріспе

XX ғасырдың 20–30 жылдары ҚазАКСР үшін аса бір ауыр жағдайларға толы болғаны белгілі. Түрлі зұлмат, нәубеттер ішінде әр жылдары келіп отырған табиғи апаттар республика тұрғындары басына орасан зор қайғы-қасіретті жағдай тудырғаны жасырын емес. Әдетте, осы мәселе бойынша сөз қозғағанда зерттеушілер негізінен екі кезеңдегі, яғни 1921–1922 және 1931–1933 жылдары орын алған аштыққа ерекше көңіл бөледі және олар жайында арнайы еңбектерде жан-жақты қарастырылды. Ол рас, ауқымы, қайғы-қасіреті жағынан кең, тереңірек болып келетін осы екі ашаршылық кезеңнің зерттеу нысаны ретінде алынуы заңды және қажет болып табылады.

Дегенмен, көрсетіліп отырған екі кезең аралығындағы жылдары да қуаңшылық кесірінен егіннің шықпай қалуы, мал азығының күйіп кетуі болғандығы, соған байланысты шаруашылықтың дамуына, тұрғындар жағдайына кері әсері берілгенін де ескеруіміз қажет. Осы жағдай Қазақстанның батыс бөлігінде, оның ішінде Ақтөбе өңірінде де орын алған еді. Өкінішке қарай, осы аралықтағы мәселелер зерттеу жұмыстарында арнайы қарастырылмай жатыр. Әсіресе,

1924–1925 жылғы жағдай басқа жылдарға қарағанда күрделігімен ерекшеленеді. Осы жылдары тұрғындар арасында азық-түлік тапшылығынан аштықтан өлу фактілері де тіркелген еді. Сол себепті де сол кезеңдегі ауыр жағдайды жан-жақты зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақаланы дайындау барысында архив материалдары кеңінен пайдаланылды. Мақалаға қажетті материалдар мен деректер Ақтөбе облысы мемлекеттік архиві қорларынан алынды. Зерттеу жұмысына пайдаланылған құжаттардың барлығы дерлік жаңа, тың деректер болып табылады. Мақалаға сондай-ақ түрлі құжаттар мен материалдар жинақтарындағы тақырыпқа қатысты деректер пайдаланылды.

Зерттеу әдісіне тарихилық, объективтілік принциптері негізге алынды. Объективтілік принцип бойынша қуаңшылықтың тұрғындар арасына аштық туғызуы факторлары талданды. Мәселені кеңінен ашу бағытында зерттеудің анализ, синтез, статистикалық сияқты жалпығылымилық және тарихи-салыстырмалы, тарихи – типологиялық, тарихи –жүйелілік сияқты арнайы-тарихилық тәсілдері қолданылды.

Талдаулар

1924-1925 жылдары ҚазАКСР орын алған аштық жөнінде кеңестік кезең түгілі, тәуелсіздіктен кейін де арнайы зерттеулер болмады. Бұл тақырып бұрынғы Одақ деңгейінде КСРО ыдырағаннан кезден РФ, кей жағдайда шетел зерттеушілері назарына іліге бастады. Қасірет ауқымына байланысты аса мән берілмеген осы мәселе 1931-1933 жылдардағы аштықты зерттеу барысында қарастырылғаны байқалады. Бір өкініштісі зерттеу жұмыстарында Қазақстандағы жағдай қозғалмай негізінен РКФСР, Украина губернияларындағы аштық көрсетіле бастайды.

Неміс зерттеушісі М. Венер 1924 жылғы құрғақшылыққа орталықтың аса көңіл бөле қоймағандығы, дегенмен оның салдары жедел шаралар қолдануға мәжбүр еткендігі жайында жазады. Мақалада төніп келе жатқан қатерге қырын қарауға байланысты маусым айларында құрғақшылық тек қана 5 млн. дес. жерді және сол аймақтарда өмір сүретін 5,5 млн. жанды қамтиды деген болжам жасалғаны айтылады. Дегенмен тамыз айының ортасындағы жаңа есепте құрғақшылықтан егін алқаптарың 11%-і бүлінгені, ол 1921 жылғы көрсеткіштің 25%-н құрайтындығын, нәтижесінде 8 млн. жан жапа шеккендігі көрсетіледі (М. Венер, 1993: 88-90).

М. Таугер «Зерновой кризис или голод?» мақаласында 1928-1929 жылдардағы аштық және оның Украинаға әсері жайында жазады. Бір көңіл аударарлық мәселе мақалада И. Сталин 1927 жылдың өзінде 1924-1925 жылғы аштықтың әлі күнге шейін ызғары сезіліп тұрғаны жайында айтқаны келтіріледі (М. Таугер). Бұл мәліметтен немқұрайы қаралған құрғақшылықтың елдің әлеуметтік-шаруашылық жағдайына келтірген салдары зор болғандығын байқаймыз.

Джордж Ренко өзінің мақаласында тарихшы – ғалым В.В. Кондрашиннің кезінде КСРО жүргізілген жаппай ұжымдастыру саясатының 90 жылдығына арналған бас қосуда сөйлеген сөзінде 1924–1925 жылдары болған ауыр аштықтың айтылмай жүргенін ескертуін келтіре отырып, 1924 жылғы құрғақшылық ауқымының барынша төмендетілгенін, егер 1921 жылғы құрғақшылық жалпы егістік көлемінің 22,8 млн. дес. (47,4 млн. ауыл тұрғындары) қамтыса, ол көрсеткіш 1924 жылы 40 млн. дес. жер (49,2 млн. жан) болғанын келтіреді. Жалпы 1924 жылдың маусымы -1925 жылдың шілде айлары аралығында аштыққа ұшырағандар (тұрғындардың 20-50%) КСРО-н 22 губерниясы мен автономия-

лық республикаларда тіркелген. Мақалада Тула губерниясы бойынша мысал ретінде берілген хат мәтінінде «Я вам сообщаю об нынешнем голоде, был 1921 голод, а 1925 еще голоднее, хлеба у нас нет...» деген сөздер келтіріледі және осындай жағдайлар басқа да губерниялармен бірге Ақтөбе губерниясында да тіркелгені айтылады (Джордж Ренко, 2020).

И.В. Кочетковтың мақаласында 1924-1925 жылғы жағдай талданады. Оның айтуынша 1921-1922 жылдары ашығушылар қатарына астық өнімі жан басына шаққанда 6 пұттан аспайтын территорияда тұратын тұрғындар енгізілген. Ондай жандар саны 22 млн. адамды құрайды. Ал 1924-1925 жылдары «аштық», «ашыққандар» түсінігі тіпті үкіметтік құпия құжаттардың өзінде қолданылмайды. Астық жинау жан басына шаққанда 6 дес. кем келетін аймақтар «құрғақшылық аймақтар» деп аталды. 1925 жылдың көктем айы қарсаңында Рыков комиссиясы 12.254 мың тұрғыны бар 21 губернияны осындай аймақтарға жатқызады. Бұл жерлерде астық көлемі бір адамға 4,1 дес. келген. 1921 жылғы есепте осы 12.254 мың адам «ашығушылар» қатарында болар еді. Ал ҚазАКСР келер болсақ, ол көрсеткіш жан басына шаққанда 4,6 пұт болған (Кочетков).

Гровер Ферр 1924 жылғы аштыққа көңілдегідей мән берілмегені, назар аударғанның өзінде оны «өңірлік және жергілікті жердегі мәселелер» ретінде қаралғандығын айтады (Гровер Ферр, 2020:41).

Ю.А. Поляковтың мақаласында 1924 жылы КСРО қазан революциясынан кейінгі кездері ең ірі құрғақшылықты басынан кешіргені, 1924-1925 жылдарғы құжаттарда осы құрғақшылықты жою жайында материалдар көптеп кездесетіндігі, алайда тарихи еңбектерде қаралмай жатқандығы көрсетіледі (Поляков, 1958: 52).

А.С. Соколов өзінің мақаласында 1924-1925 жылдардағы қуаңшылық, оның одақтағы губернияларға тигізген зардаптары және оны реттеу бағытындағы билік пен партияның атқарған қызметтері жайында баяндайды (Соколов, 2024:29-35).

Назар аударарлық жай, зерттеулерде көптеген губерниялардағы құрғақшылық тұрғындардың аштан өлулеріне соқтырғаны жайында деректер келтіріледі.

Нәтижелер

1925 жылдың қарсаңында Ақтөбе губерниясы Ақтөбе, Шалқар (бұрынғы Ырғыз), Темір,

Торғай уездерінен тұрды. Жер көлемі тиісінше 53.445 ш.ш., 127.307 ш.ш., 63.420 ш.ш., 146.860 ш.ш., барлығы 391.032 ш.ш. құраған. Губерния территориясында 1923 жылғы есеп бойынша 361,3 мың жан өмір сүрген. Оның 329 мыңы ауыл, 32,3 мыңы қала тұрғындары болған. Халықтың 75% қазақтар, 23 % орыстар (украиндықтармен бірге), 2% басқа ұлт өкілдері болып табылған. Тұрғындар саны уездер бойынша тиісінше 175,2 мың, 53,8 мың, 73,9 мың, 58,4 мың болған (АОМА 155-қ., 1-т., 13-іс, 1-п.).

Жоғарыда атап көрсеткендей 1924–1925 шаруашылық жылы Ақтөбе өңірі үшін ауыр болды. Аяздың ерте түсуінен, қатты ыстықтан, құрғақшылықтан жанға, малға қажетті дәнді дақылдардың шықпай қалуы, күйіп кетуі өңір тұрғындарының шаруашылығына, тұрмыс – тіршілігіне айтарлықтай зардабын тигізді.

Көп жағдайда зардап шеккендер Ақтөбе уезінің батыс бөлігіндегі барлық орыс және аздап егін салатын қазақ шаруашылықтары болады. Сондай-ақ Темір уезінің солтүстік жағындағы шаруашылықтар да осындай жағдайға түскен.

1924-1925 жылғы жағдай революцияға дейінгі, тіпті революциядан кейінгі жылдардан да өте күрделі шамада көрінеді. 1925 жылғы егіннің шықпай қалуын революцияға дейінгі кездердегі жағдайлармен салыстыра қарастырсақ оның зардабы анағұрлым деңгейде болғанын байқаймыз. Революцияға дейінгі құрғақшылықтардан (1891,

1911 жылдар) зардап шеккен шаруашылықтар дер кезіндегі көмектер арқасында екі-үш жылдан кейін қайта қалыптарына келе алды. Себебі, сол құрғақшылықтар алдында егіннің бітік шығып, астық қорларының болуына байланысты аса қиыншылық тудыра қоймаған еді. Ал 1925 жылғы жағдайдан шығып кетуге оның алдындағы жылдары да болған жұт, ашаршылық ешқандай мүмкіншілік бермеді.

Расында да, 1920-1924 жылдардың әр жылы ауыр жағдайларда өтіп жатты. Ресми санақтарда бұл кезеңдегі губерния тұрмыс-тіршілігі жалпы қалыпты жағдайда өрбуге деп негізделген еді. Мысалы, Орталық санақ Басқармасы (ЦСУ) РКП (б) XIII съезіне дайындаған анықтамасында 1923 жылы 100 адамға шаққанда КСРО-да егістік 59,8 дес., мал басы 56,9, ал Ақтөбе губерниясында (Торғай уезін қоспағанда) тиісінше 78,9 дес., 62,7 бас малдан келгендігі көрсетілді (АОМА 155-қ., 1-т., 13-іс, 32-п.). Ал бұған жеке есептелген Торғай уезіне қатысты 2,9 дес. егістікті, 163,9 мал басы санын қосып есептегенде ешқандай мәселе туындауы мүмкін еместей көрінеді. Алайда губернияның жағдайы шындығына келгенде тым ауыр болған. Егін өнімділігі КСРО-мен салыстырғанда төменгі деңгей көрсеткен. 1905-1914 жж. 1 дес. орташа алғанда дәнді дақылдардың қандай мөлшерде жиналғанын төмендегі кестеден байқауға болады: (АОМА 155-қ., 1-т., 13-іс, 32-п.).

1-кесте – 1 дес. жиналған дәнді дақылдар мөлшері:

	Қара бидай	Бидай	Арпа	Сұлы	Тары
КСРО бойынша	47	42	52	50	43
Ақтөбе губ. бойынша	30,3	35,5	31,0	31,0	35,9

Қазақстандағы табиғи-тарихи, тұрмыстық жағдай қалыпты шаруашылық жүргізу үшін мал басы санының көбірек болуын қажет етті. 1920 жылдан бастап мал шаруашылығының да, егін-

шіліктің де құлдырауы болғандығын білеміз. Ол жағдайды ҚазАКСР ОСБ (ЦСУ) төмендегі берілген мәліметтерінен байқаймыз: (АОМА 155-қ., 1-т., 13-іс, 32-п.).

2-кесте – ОСБ ұсынған мәліметтер көрсеткіші:

Губерния бойынша мәліметтер	1917 ж.	1920 ж.	1923 ж.
1 шарш. мал басы саны	42,0	13,7	7,9
Малы жоқ шарш. %	2,5	2,5	27,3
Жұмыс малы жоқ шарш. %	4,5	16,6	48,1
Егін егетін 1 шарш. дес.	10,4	6,5	4,4

Кестеден ауыл шаруашылығының негізгі капитал көздері деңгейлерінің құлдырау барысын көреміз. Бір қызығы, революцияға дейінгі Қоныстандыру Басқармасының белгілеген мәліметтерден сол көрсеткіштердің қуаңшылық жылдарын еш қиыншылықсыз көтеріп шығуға негіз болатындығын байқаймыз. Ал 1924-1925 жылдардағы қалып осы мәселені шешуге келмейтіндігі айтпаса да түсінікті. 1920 жылы жұттан малдың 3/4 шығынға ұшырады. 1921 жылы аштық келді. 1922 жылы астық аз жиналды. 1923 жылы ОСБ (ЦСУ) мәліметі бойынша 1 дес. 11 п.32 фунт астық алынды. Ал 1924 жылы астық өнімділігі 1 дес. бар болғаны 7,4 п. құрады. Кетер қателікті ескеріп, 30% қосып есептегеннің өзінде 1923 жылы 1 дес. 15 п., 1924 жылы 1 дес. 10 п. астық алынуы мүмкін еді. Ескерер жай, 1923 жылы да, 1924 жылы да егіннің 2/3 құрғақшылықтан күйіп кетеді. Құрғақшылықтың зардабы сондай қара бидай түгелге жуық күйіп кеткен («Совершенно секретно»: Лубянка – Сталину о положении в стране (1922-1934 гг.), 2001: с.118-119).

Тұрғындарда астық қоры болмады. Кедейлердің басым бөлігі азық-түліксіз қалды. Диірмендерге тартуға әкелінген астықтың қоспалары көп болды. Кеңестердің Ақтөбе уездік съезінде делегаттар ауыл, поселкелердегі тұрғындардың басым бөлігі дәрменсіз жағдайда қалғандары, шаруашылықтардың жаппай күйзеліске ұшырауы, губернияға 1921 жылдың елесі туып жатқандығы жайында айтады. Осындай хабарлар қалаға немесе болыстарға барған жандар ауыздарынан естіліп жатады (АОМА 516п-қ., 1-т.,844-іс,6-п және келесі жағы.).

Мысалы, 1921-1922 жылдардағы аштықты айтпағанда 1923-1924 жылдың өзінде Орал, Ақмола губернияларымен қатар Ақтөбе губерния-

сы да азық-түлікке зәру губерниялар қатарына жатқызылады. 1923 жылы 10 желтоқсандағы өткен БОАК жанындағы ауыл шаруашылығына көмек комитеті (АШКК) Ерекше секциясының ведомостаралық мәжілісінде көмекке зәру аудандар есебінде Темір және Ырғыз аудандары аталады (АОМА 3-қ., 1-т., 59-іс, 7-п.).

1924 жылы губернияда егістік жер ауданы 188 мың гектар есебінде көрсетілді. Алайда ол кішірейтіліп берілген деген уәжбен, оны 200 мың гектар деп қарастыру айтылады. Акт бойынша күйіп кеткен егістік көлемі 121 мың га болды. Яғни, ол жалпы егіс көлемінің 60% құрайды.

Егілген дәнді дақылдардың ішінде тек тарыдан бір дес. 20 пұттан өнім алынады. Ал басқаларынан (бидай, арпа, сұлы,т.б.) өнім өте төмен болады. Тіпті, сол жарамды 80 мың дес. егістіктен алынбай қалды деп есептелген 25%-н қосып қарағанның өзінде алынар өнім мөлшері 2.000.000 пұтты көрсетер еді. Онда бар болғаны 1 дес. 10 пұттан ғана өнім беретін болды. Егер, өткен 1923 жылғы көрсеткішке ресми цифрларына сондай түзетулер енгізе отырып қарасақ, онда сол жылы 3.000.000 пұт астық жиналғанын байқаймыз. Көңіл аударарлық жай, осы астық мөлшерінің өзі бүлінген шаруашылықты қалпына келтіруге де жарамаған. Олай болса 2.000.000 пұт ешқандай көңіл жұбатарлық көрсеткіш емес-ті.

Міне, сондықтан да 1924 жылдары губерния диірмендеріне әкелініп жатырған шаруалар астығы бірыңғай қоспалардан тұруы сол жылғы аштықтың қаншалықты ауыр болғанын көрсеткендей еді.

Губерниялық қаржы бөлімінің ауыл шаруашылығы салығына байланысты есебінде егін салатын шаруашылықтардағы егістік көлемі былай берілген: (АОМА 155-қ., 1-т., 13-іс,29-п.).

3-кесте – Губерниялық қаржы бөлімінің ауыл шаруашылығы салығы негізінде анықтаған егін салатын шаруашылық деңгейі:

	Егін салмайындар	Егін салатындар (1 жанға)			
		1/4дес.дейін	1/4-1/2дес. дейін	1/2-3/4 дес.дейін	3/4-1дес.дейін
Өз астығы жиналды-1 жанға	-	1	4	6	9
Ақтөбе уезі және Темір уезіндегі орыс тұрғындары:					
1 жанға норма	10	10	10	10	10
1 жанға жетпейді	10	9	6	4	1
Темір уез. қазақ шаруашылығы:					
1 жанға норма	8	8	8	8	8
1 жанға жетпейді	8	7	4	2	-

Кестеден құрғақшылық әсерінен норма бойынша тиісілі азық-түліктің қаншалықты төменгі деңгейде болғандығын көреміз.

Қолда бар деректерді саралай келгенде 1924 жылы Ақтөбе уезінің қазақ шаруашылықтарында 325.689 пұт, орыс шаруашылықтарында 180.670 пұт, егін салмайтын шаруашылықтарда 99.410 пұт, Темір уезінің қазақ шаруашылықтарында 183.628 пұт, орыс шаруашылықтарында 16.420 пұт, осы уездегі егін салмайтын шаруашылықтарда 6.420 пұт, барлығы 812.247 пұт астық жетіспеді (АОМА 155-қ., 1-т., 13-іс, 29-п.).

Астық жинау науқанының 1924 жылдың 1 қыркүйегіне таман аяқталуына орай жоғарыда көрсетілген мәліметтің қараша айының ортасында дайындалғанын ескерсек, арадағы 2,5 айға келетін 1/4 дес.егіс көлемін алып тастауымыз керек. Олай болса жоғарыдағы цифр 735.863 пұт болады (АОМА 155-қ., 1-т., 13-іс, 30-п.).

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындар жағдайы тіпті ауыр болды. Ірі қараға шаққанда 5 бас малы барларды алып қарағанда Темір уезінде 6.489 жанға 1545, Шалқар уезінде 36.868 жанға 8778, Торғай уезінде 36.683 жанға 8734, барлығы 80.040 жанға 19.057 бас мал келген жетіспеді (АОМА 155-қ., 1-т., 13-іс, 29-п.).

Бір жанға 6 пұт астық керектігін және санақтық мерзімнен 3 ай өткенін ескере отырып, 80.040 жанға 4,5 пұттан есептегенде 360.180 пұт тиістігі шығады. Ал, жалпы отырықшы және мал шаруашылығымен айналысатындарға 1.096.043 пұт азық-түлік керек болады (АОМА 155-қ., 1-т., 13-іс, 29-п.).

Ескерер жай, губерния тұрғындарына жетіспейтін азық-түлік мөлшерін анықтауда Ақтөбе уезі және Темір уезінің егін салатын шаруашылық топтарындағы 1 жанға астық тұтыну бір жылға 10 пұт, Темір уезінің егін салатын қазақтарына (жартысы мал шаруашылығымен айналысады есебімен) 8 пұт, таза мал шаруашылығымен айналысатындарға 6 пұт белгіленуі мүмкіндігі қарастырылады.

Егіннен 1 дес. 10 пұттан астық шығуы мүмкіндігі кезінде тұрғындар орташа алғанда 4,7-5 дес. пұттан астық алады деп есептелді.

Тұтынуға қажетті азық-түлік болмаса, онда тұқымдық астық та болмайтындығы себепті губерниялық жер басқармасы тұқымдыққа 200.757 пұт дәнді дақыл бөледі. Сонда осы санды жоғарыда көрсетілген азық-түлік қажеттілігіне белгіленген санға (1.096.043 пұт) қосқанда, барлығы 1.296.800 пұт шығатынын көреміз.

Келесі бір деректер бойынша 1924 жылдың қыркүйегі мен желтоқсан айлары арасында егін салатын тұрғындарға 90.212 пұт, жартылай егін салатындарға 18,884 пұт, мал шаруашылығымен айналысатындарға 160,080 пұт, барлығы 269,176 пұт азық – түлік керек болса, 1925 жылдың қаңтар – тамыз аралығында тиісінше 538,407 пұт, 164,744 пұт, 320,160 пұт, барлығы 1.023.311 пұт қажет болған. Ал жалпы қажетті азық-түлік мөлшері 1.292.487 пұтты құраған (АОМА 3-қ., 1-т., 143-іс, 27-п.).

Көрсетіліп отырған азық-түлік мөлшері ашыққан тұрғындарға өкімет тарапынан берілер көмекке негізделген еді. Сондай-ақ шаруашылықтардың өздері де күн көріс әрекеттерін жасай алады деп есептелді. Дегенмен оның оң шешілетініне кепілдік болмады. Әрекеттің екі жолы тұрды: соңғы малын сату және шаруашылығы берік көршілеріне кіріптар болу. Бірінші жағдайда шаруашылықтардың басым бөлігінің кедейленуі, оларды егін салмайтындар қатарына көшіру; Екіншісі, кулак қанауына түсу. Сондықтан сол мезеттегі жағдайда көмек көрсетпеу шаруашылықтардың күйзелуіне және кулактардың күшеюіне әкеп соқтыратын болды. Дегенмен үкімет тарапынан көмектер барлық мәселені шешіп те береді деп айтуға болмады. Ал көмектің берілмеуі келесі жылы губернияда көмекке зәру 230 мың жанның көп бөлігінің опат болуына, егістік жер көлемінің, мал басы санының күрт қысқаруына, губерниядағы онсыз да ауыр жағдайда қалған өндіргіш күштердің төмендеуіне соқтырады сөзсіз еді.

Мемлекеттік те, қоғамдық та ұйымдардың егістік жерлердің күйіп кетуімен күресуге материалдық-қаржылық мүмкіншіліктері болмады. Банкілік несие де шектеулі еді, олар ұзақ мерзімге ссудалар бере алмады. Кооперацияларда көмек-жәрдем беретіндей қарымы жоқ еді. Шаруалардың қоғамдық өзара көмек комитеттері әлі жас, сондықтан ресурстары да мардымсыз болды. Ал тұрғындар жағдайы өте ауыр қалыпта екендігі айтпаса да түсінікті. Сондықтан сырттан, яғни республикалық орындардан, Орталықтан көмек күтілді. Губерниялық атқару комитеті бірнеше рет өлкелік және одақтық орындарға өтініштермен шығады. Өлкелік ұйымдар түсінушілікпен қарағанмен көмек көрсете алмады. Ашаршылыққа қарсы күрес үшін құрылған Ерекше комитет тарапынан көңілден шығарлық жәрдем берілмеді. Ол тек сауалнама, зерттеу жүргізу жұмыстарымен айналысты, қаржылық қоры болмағандықтан нақты жәрдем бере алма-

ды. Сол себепті таратылып, жұмысы ауыл шаруашылығына жәрдемдесу комитетіне (АШЖК) жүктеледі.

Көмектен үміт үзген губерниялық атқару комитеті аштыққа ұшыраған аймақтар мен оның көлемі жайында нақты мәліметтер жинауға күлшына қоймады. Олар еш зерттеусіз келіп түсіп жатқан жалпы мәліметтер жарайды деп есептеді. Себебі ресми зерттеулер көп қаржы қажет етті, екінші жағынан зерттеу жүргізу аштыққа ұшырағандарға үміт берер еді. Ал қаржыға тапшы губерниялық атқару комитеті оны орындай алмайтындығы айқын. Сондықтан нақты көмек берілуі шешілмей аштыққа ұшыраған елді мекендерді, ондағы азық-түлікке зәру тұрғындар санын беру міндетті емес деп саналды.

Осы мәселе билік орындарының губернияға көмек беру әрекеттеріне тұсау болады. Себебі олар нақты деректер болмағандықтан жан-жақтан түсіп жатқан мәліметтерді қабылдай алмады. Көп жағдайда губерниялық, уездік, болыстық атқарау комитеттерінің осы бағыттағы жұмыстарына сенімсіздікпен қарады.

Арнайы зерттеу жүргізілмегендіктен губерниялық жер бөлімі, АШЖК арқылы болыстық, уездік атқару комитеттерінен, басқа да орындардан қуаңшылық, аштық, азық-түлікке мұқтаж жандар саны жөнінде әртүрлі мәліметтер түсіп жатады. Мысалы, соңғы мәліметтерде азық-түлікке мұқтаждар саны немесе алдағы уақытта мұқтаж болатындар саны 107 мың деп беріледі. Ал қараша айының ортасында губерниялық жоспарлау бөлімінің дерегі бойынша 32 мың деп көрсетіледі. Қалай көрсетсек те жағдайдың ауыр екендігі анық еді.

Губерниялық атқару комитеті 1924 – 1925 жылғы көмекке зәру жандар санын төмендегідей қалыппен көрсетеді: қыркүйекте – 90.624, қаңтарда – 156.431, сәуірде – 202.701, тамызда – 235.594. Жалпы, осы жандарға 8 айға 1.100.322 пұт астық қажет болады (АОМА 3-қ., 1-т., 59-іс, 370-п. және келесі жағы.).

Ал губерниялық жоспарлау бөлімі бойынша қаңтар айы мен егін жинау аралығында тұрғындарға қажетті азық-түлік мөлшері 1.100.322 және тұқымдық дақылдар 250.995 пұт, барлығы 1.351.17 пұт есебінде белгіленеді (АОМА 155-қ., 1-т., 21-іс, 16-18-пп.).

1924-1925 жылғы қуаңшылықпен нақты күрес 1924 жылдың тамыз айында Жайсаң жағында Ащылысай болысы мен Харьковский поселкесінде тұрғындардың аштыққа ұшырау фактілерінің тіркелуімен басталған. Өкінішке орай

жыл басынан Орталық губернияны тұрғындары ашығушылар қатарындағы губерния ретінде мойындай қоймайды. Тек 1924 жылы 19 қыркүйекте ғана ҚазАКСР өкілдігі БОАК АШЖК Секциясы жанындағы ведомствоаралық Комиссия мәжілісіне Орынбор, Бөкей, және Ақтөбе губернияларының аудандарына көмек беру ұсынысымен шығады. Соған байланысты құрғақшылықтан зардап шеккен аудандар қатарына Орынбор губерниясы бойынша Орынбор және Орск, Ақтөбе губерниясы бойынша Ақтөбе және Темір, Бөкей губерниясының егін салатын аудандары жатқызылады және көмек беру мәселелері қарастырылады (АОМА 3-қ., 1-т., 59-іс, 311-п.).

1924 жылдың 5 желтоқсанында ҚазАКСР ХКК төрағасы Нұрмақовтың атынан Ақтөбе губерниялық атқару комитетіне ресми қағаз түседі. Онда құрғақшылыққа қарсы жоспарлы түрде жұмыс жүргізу, сондай-ақ Орталыққа сол құрғақшылыққа ұшыраған аудандар жайында жан-жақты мәлімет беру үшін 15 желтоқсанға дейін 1 тамыздан 1 қараша аралығын қамтитын жазбаша есеп тапсырулары көрсетіледі. Мәселенің маңыздылығына байланысты жолданған нұсқауда нақты ұсыныс беріледі: «Признавая данную работу особо важной Кирсовнарком предлагает и на будущее время представлять ежемесячные отчетные доклады по формам, которые будут высланы дополнительно» (АОМА 3-қ., 1-т., 59-іс, 367-п. және келесі жағы.).

Орталықтан көрсетілген жәрдем, ол губерния сұратқан 44.532 пұт күздік тұқымдық ссудалар бөлуінен көрінді. Алайда ауыр климаттық жағдайларға, яғни құрғақшылық, қатты жел әсерлері, аязға ұрынуға байланысты егіс көлемі 40 % қысқарып кетеді.

Күзгі егін егу науқаны аяқталғаннан кейін тұрғындарға көмек көрсету ісі де тоқтайды. Тек 1924 жылдың желтоқсан айында АШЖК тарапынан 1925 жылдың тамыз айында қайтару міндетімен 13.000 сом бөлінеді. Ол сома болыстарға бөлініп беріледі.

1925 жылы 20 қаңтарда Қазхалком жанындағы қуаңшылық зардаптарына қарсы күрес жөніндегі өлкелік комиссия мәжілісінде Ақтөбе губатком өкілі Ақтөбе губерниясындағы 1924 жылғы егіннің шықпай қалуының зардаптары жайында баяндама жасайды. Баяндама негізінде мәжілісте Рыков комиссиясы алдына Ақтөбе губерниясын тұрғындары аштыққа ұшыраған губерния қатарына қосуға ұсыныс беруге қаулы қабылдайды. Сонымен қатар қаулыда Ақтөбе губаткомының аштық мәселесін нақты анық-

тауда енжарлық көрсеткендері атап көрсетіледі (АОМА 3-қ., 1-т., 117-іс, 1-п.).

Комиссияның бұл шешімі қалыптасқан ауыр жағдай губерния басшылығының әрекетсіздігінен деген ой туғызғандай-ды.

Ақтөбе губаткомы комиссияның аштыққа байланысты жұмыстарына күмән келтірілуі мәселесіне үзілді-кесілді қарсылықтарын білдіреді. ҚазОАК мен Қазхалком төрағасына жіберілген мәлімдемесінде (7.02.25 ж.) өздерінің жұмыстарына беріліп отырған бағаның ақиқаттан алшақ жатқандықтарын айта келіп, жұмыстарының бағыттарын былайша көрсетеді: «А действительность такова: последних числах августа месяца 24 года губисполком, закончив работу по выявлению неурожая в губернии, командировал председателя плановой комиссии в Центр на предмет ходатайства о признании губернии неурожайной.

В результате нашей работы мы уже в конце августа 24 года имели постановление Краевой комиссии и обкома РКП (б) о том, что наша губерния является действительно неурожайной.

10-го сентября 24 года Комиссия тов. Рыкова по возбужденному нами ходатайству признала экономическое положение губернии тяжелым. Мы не будем перечислять всю работу, так как она КирЦИКу известна полностью и конечно нужно ничего не знать об этой работе, что-бы назвать ее «пассивной».

Совнарком утвердив постановление Краевой Комиссии, тем самым сказал, что наша работа в одной из чрезвычайно-серьезных областей является не только неудовлетворительной, а просто негодной. Мы считаем (и можем доказать), что упомянутое постановление Совнаркома является голословным, не имеющим никаких реальных обоснований, а потому просим Президиум КирЦИКа отменить постановление Совнаркома от 21. 01.25 года №4, §2 в части констатирующей нашу пассивность в работе по выявлению неурожайности губернии» (АОМА 3-қ., 1-т., 117-іс, 4-п. және келесі жағы.).

Осы кезде Губсельсклад және Кирсельхозкредит (Кирсельхозбанк) тұрғындарға қысқа және ұзақ мерзімдік несиелер бере бастайды. Ақпан айында республика ХКК губернияға КСРО ХКК бөлген 200.000 сомды жібереді. Губернияға құрғақшылық салдарымен күрес және шаруашылықты қалпына келтіру, кеңейту үшін бар болғаны 877.216 сом бөлінеді. Сол 1925

жылдың 15 наурыз қарсаңында көмекке зәру тұрғындар саны 200.000 асады.

Ақпан айында, губернияның халық – шаруашылығы балансын анықтау кезінде 2.300.000 сом дефицит шығады. Оның 50%-н тұрғындардың өздері негізгі капитал көзі малмен жабады деп есептелді. Сонда нақты дефицит 1.150.000 сом болады. Көрсетілген көмек мөлшері 877.216 сом екенін және тұтынуға қажетті азық – түлік дефициті 1.150.000 сом құрайтынын ескере отырып қарастырсақ, алынған көмек мөлшері 72% болып шығатындығын байқаймыз. Сонда үкімет 1924 жылы құрғақшылықтан зардап шеккен тұрғындар қажеттілігінің 3/4 ғана орындаған болып шығады. Сонымен, егіні күйіп кеткен барлық шаруашылық саны 54.000, тұрғындар саны 212.843 жан болған (АОМА 155-қ., 1-т., 21-іс, 16-18-пп.).

Ақтөбе губерниялық атқару комитеті 1925 жылдың 1 қаңтарында ҚазАКСР ОАК (көшірмесі БОАК) жіберген ақпаратында КСРО, РКФСР және ҚазАКСР Орталық Атқару Комитеттеріне сол жылғы қуаңшылықтың зардаптары жайында бірнеше рет хабарланғанын мәлімдейді. Онда зардап көлемі тұрғындардың, губерния мекемелері мен ұйымдардың әрекеттерімен еш шешілмейтіндігі, оған күштері келмейтіндігі, оны тек Орталықтың кеңінен қолдауымен ғана реттеуге болатындығы және қажетті көмек мөлшері 1.100.000 пұт астық құрайтыны айтылады. Алайда әлі де болса көмек келмей жатқандығы, тек қана АШЖК (КССХ) тарапынан 10 мың сом ғана бөлінгені ескертіледі.

Қажетті көмек көрсетілмесе ауыр жағдайдан 235 мыңға дейін жан көмекке зәру болады деп саналды. АШЖК губерниялық атқару комитетіне жіберген тіпті губернияның жартысын да қамтымаған толық емес мәліметінде көмекке зәру жандар саны 160.288 құраған. Олардың ішінен желтоқсан-қаңтарда 83032 жанда азық болмаған. Бір ғана Ақтөбе уезінде нан азығы болмағандар саны 56.133 жанды құраған. Оның өзінде уездің барлық болысы қамтылмаған.

Ал Темір уездік аткомының төрағасы Ділановтың 1925 жыл 10 ақпандағы мәліметі бойынша осы кезеңге шейін уездегі 33.659 жанның (7468 шаңырақ) 7222 (1949 шаңырақ) аштыққа ұшыраған. Ал алты айдан кейінгі уақыттары олардың саны 28 мыңдай (6437 шаңырақ) болады деп болжам айтылады (АОМА 3-қ., 1-т., 143-іс, 93-п.).

4-кесте – 1925 жылдың 5 наурызы қарсаңында Ақтөбе губерниясының уездері мен артелдері бойынша ашыққандар саны төмендегідей деңгейде болған: (АОМА 155-қ., 1-т., 21-іс, 6-п.).

Уездер аталуы	Ашыққандар			Ескертпе
	барлығы	өте-мөте	балалар	
Ақтөбе	100871	61460	8366	
Шалқар	65546	25924	378	
Темір	33659	11983	-	
Торғай	10812	7065	1352	
Артельдер	1042	1042	301	
Барлығы	211930	107464	10397	

Ал АШЖК (КССХ) мәліметі бойынша Ақтөбе уезінде 1925 жылдың 1,2 кварталдарында аштыққа ұшырағандар саны – 102.427 жан құраған. Оның 62.502 көмекке өте зәру жандар, ал 15.731 балалар болған (АОМА 32-қ., 1-т., 106-іс, 76-п. және келесі жағы.).

Ақтөбе және Темір уездеріндегі ашыққандарға азық – түлік көмегі үшін Орталықтан 1924 жылдың желтоқсанында 9902, 1925 жылдың 25 ақпанында 2994 сом алынған. Осы соманың ішінен Темір уезіне 3200 сом берілген.

Жоғарыда атап көрсетілгендей қуаңшылық зардаптарын жою қажеттілігіне байланысты 1925 жылдың наурыз айында Ақтөбе губерниясына аударылуы тиіс 200.000 сом төмендегідей ретпен бөлінетін болады: суландыру жұмыстарына – 140.000 сом (оның 120.000 сомы қайтарымысыз, 20.000 сомы ссуда түрінде), зиянкестерге қарсы күресуге – 30.000 сом, қуаңшылықтан жапа шеккендерге – 30.000 сом (АОМА 3-қ., 1-т., 143-іс, 94-п.).

Ашығушыларға көмек ұйымдастыру жөніндегі қалалық комиссия өзінің 1925 жыл 16 ақпандағы отырысында сол аштыққа ұшыраған жандарға ақшалай жәрдем беру мәселесін қарастырады. Ай сайын балаларға 2 сом, ересектерге 1 сом, ал асыраушысы жоқ кәрілер мен мүгедектерге 3 сомнан беріп тұру жөнінде шешім қабылданады (АОМА 516п-қ., 1-т., 844-іс, 6-п. және келесі жағы.).

Айта кететін жай, губернияға қажетті дәнді дақылдарды бөлуде биік орындары арасында түрлі қайшылықтар орын алады. Ақтөбе губерниясына 1925 жылға жазда себетін дәнді дақылдардың барлық түріне 251.895 пұт тұқымдық керек болады. Дегенмен ҚазАКСР Екіншілік Халық Комиссариаты губернияның осы көлемдегі сұраныстарын толық қанағаттандырмайды.

Түрлі дақылдан сырттан бөлінгені 70.000 пұт, губерния ішінен 45.000 пұт, барлығы 115.000 пұт дайындалады. Жазда себетін тұқымдық тапсырыс мөлшерінен 55.000 пұт кем беріледі. Бұл 20.000 дес.жерге дән себілмейтінін көрсететін еді. Ал жалпы, губернияда 30.000 дес. жерге егін салынбайтын болады, мұның өзі шаруашылықтың 15% күйрейді деп есептелді (АОМА 3-қ., 1-т., 143-іс, 138-п. және келесі жағы).

Сондай-ақ ашыққандарға көмек беру жөніндегі Рыков комиссиясының бөлген 75 мың пұт тұқымдық дақылдары да республиканың басқа аймақтарына ескертусіз беріп жіберіледі. Бір сөзбен айтқанда губернияға қажетті көмек беру мәселесі ойдағыдай шешіле қоймайды.

Ақтөбе губаткомның Қазхалкомға жіберген жазбаша баяндамасында ашыққандарға көмек берілмеудің қандай салдары болуы мүмкіндігі айтылады: «Отсутствие помощи означает дальнейший распад хозяйств, чрезвычайно повышенную смертность особенно киргизской части населения. Помощь не может получена из – за пределов самой губернии. Поэтому губисполком должен признать, что единственным пока плановым заданием в деле оказания помощи пострадавшему хозяйству для него является получение средств. До тех пор, пока надежды на них получение будут слабы – ГИК не сможет считать целесообразным ни составление плана дальнейших работ, ни проведение каких либо особых мер. ГИК к этому считает нужным добавить, что в отношении центральных, а может и краевых органов к Актюбинской губернии существует некоторая неправильность, которая заставляет эти органы расценивать положение губернии выше, чем оно существует в действительности» (АОМА 3-қ., 1-т., 59-іс, 371-п.).

Шынымен де көмек беру мәселесінің тыңғылықты шешілмеуі губерния тұрғындары жағдайының нашарлай түсуіне соқтырған еді.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, көп жағдайда ашаршылық жайындағы губатком мәліметтері жер-жерден түскен жалпы материалдарға негізделсе, 1924-1925 жылдың желтоқсан-қаңтар айындағы мәліметтер губатком төрағасы, учаскілік агроном, РКП (б) губком бөлім меңгерушісінің Ақтөбе уезінің солтүстік-батысында бірігіп жүргізген зерттеулер, кейін губатком төрағасы, қаржы бөлімінің меңгерушісі, партия нұсқаушысының уездің оңтүстігі мен Шалқар уезінің Қарабұтақ аумағында жүргізген зерттеу жұмыстары нәтижелеріне байланысты жасақталады. Басты мақсаты құрғақшылық пен ашаршылық мәселесі болған осы зерттеулер нәтижелері АШЖК берген мәліметтердің дұрыстығын айғақтайды. Бұл зерттеулер жалпы жағдайға одан да ауыр қасірет беретін жайттарды көрсетіп береді. Бұрын жағдайды 1921 жылғы жағдаймен салыстыра қарастырудың өзі қорқынышты болса, енді сол кездегі қасірет қайта оралып келгендей әсер береді. Губерниядағы аштық бұрынғы аштықтың елесі емес, дәл өзі болады. Аштықтан өлу жағдайы туады. Түрлі қоспадан тұратын азықты пайдалану күшейеді, қоспасыз таза нан сирек көрінетін болады. Нанға түрлі қоспаларды қосу жиілеп кетті. Мысалы, жақында ғана болыстар арасында ауқатты болып саналған 254 шаңырағы бар Ново-Алексеевский поселкесінде дән себілген 1.501 дес. егістігінің құрғақшылықтан тек 68 дес. ғана аман қалады. Желтоқсан айының аяқ жағына таман астығы жоқ шаруашылық саны 51 болған. Зерттеулер кей шаруашылықтардағы жағдайды көрсетіп берді: Федоренко – шаңырағында 10 жан, 20 дес. дән сепкен, жинағаны 10 пұт, тұтынуға жетпейтін болғасын 20 пұт астық сатып алған, Медведев – шаңырағында 4 жан, 2 дес. дән сепкен, ештеңе алмаған. Ауыл шаруашылығы салығы 1196 сом 56 тиын құраған. Өтелгені 792 сом 58 тиын. Салықты өтеу үшін 75 шаруашылық малдарын сатқан. Зерттеушілердің ескертпесі бойынша бұл көріністер ауқаттылау болып саналған поселкедегі жағдай. Басқа поселкелерде жағдай тіптен нашар болған. Мысалы, Бегалы (Преображенский), Ново – Михайловский поселкелерінде, барлық қазақ ауылдарындағы тұрғындар азық – түлік көмегіне түгелдей зәру болған. Осындай жағдай Қарақобда, Қарағанды, Қобда, Түзтөбе, Астрахань, Сазды, Мағаджан, Қос-Естек, Аралтөбе, Қарабұтақ және т.б. болыстықтарында да орын

алды. Данишевский поселкесіндегі 110 шаруашылық келесі егін жинау науқанына дейін астықпен, сондай-ақ тұқыммен қамтамасыз етілмеген. Осы жағдай 250 шаңырағы бар Сухиновский поселкесіне тән еді. Аштықтан өлім тіркелген Түзтөбе болысының №9 ауылында 3 қаңтар қарсаңында 2.195 жанда азығы болмаған. Қарағанды болысы №4 ауылының 111 шаруашылығының 71-і азық-түлік тапшылығына ұрынған. Қарақобда болысының тұрмыс жағдай жақсы деп есептелетін №6 ауылының 401 дес. егінінің 70 дес. күйіп кетеді.

Жергілікті жерлердегі ауыр жағдайды көзбен көрген губерния өкілдері өз пікірлерін былайша түйіндейді: «...Голод охватывает и городское население, где возможности заработка несравненно шире, чем в ауле или поселке. В губисполком и КССХ все больше и больше появляется требований голодающих.

В том положении, которое создалось, неизбежное совершенное разорение половины хозяйств губернии, большая смертность. От 21-го года осталось немного и это немногое обречено на гибель. Гибель неизбежна, если помощь большая, широкая помощь не будет оказана.

...Наша губерния слаба и мала. В ней всего 350 тыс. жителей. Зажиточные населения исчезла с роковыми годами гражданской войны, бескормицы скота и голода. Последнее пятилетие было неудачными для сельского хозяйства.

...К этим бедам прибавляется еще сельхозналог, который уплачивалось со всей / т.е. и погибшей / площади и который чрезвычайно тяжело отозвался особенно на русской части хозяйства (АОМА 3-қ., 1-т., 143-іс, 26-п. және келесі жағы).

1924 жылы жаз бойы Ново – Российский болысында егістік жағдайы жайында мәліметтер жиналып келген. Егін өнімділігі барлық поселкелер үшін (24 пос.) орташа деп есептеледі. Бірақ егін шығымы поселкелерде әртүрлі дәрежеде болады. Соған қарамастан барлық поселке бір разрядқа тіркеледі. Болыстың Сухиновский, Черкасский және Сарсайский поселкелерінің селолық кеңестері разрядты төмендету жайында өтініш білдіреді. Губерниялық жер комитеті мен салық басқармасы астықтың күйіп кету дәрежесін анықтау үшін өз өкілдерін іссапарға жібереді. Өкілдер селолық кеңестердің айтқандарын растап, салық мөлшерін түсіру мәселесін қуаттайды. Алайда салық басқармасы бұл ұсынысты қабылдамай тастайды. Нәтижесінде Сухиновский және Черкасский поселкелерінің 40% жуық тұрғындары аштыққа ұшырайды және далалық

жұмыстар басталған кезде олардың саны 50-70 % көтеріледі, егістік жер ауданы күрт қысқарып кетеді деп есептеледі (АОМА 32-қ., 1-т., 106-іс, 4-п.).

Болыстықтарда, ауылдық жерлерде, поселкелерде құрғақшылықтың әсерінен тұрғындардың қаншалықты дәрежеде қасіретке ұшырап жатқандарын растайтын ресми құжаттар толтыру етек алады. Сондай жағдайды көрсететіні мына бір актіге назар аударуға болады:

Акт

1924 года августа 20 дня, я председатель №1 аула Актюбинской волости Таскарин Жилкаман в присутствии двух понятых №1 аула Баракова Даута и Имангазина Нургазы производил осмотр погибшего посева №1 аула посеянного... по прилагаемому при сем списку на 13 десятин погибшие. При чем оказалось вследствие засухи, мороза погибли посев в количестве 13 десятин, что составляет 96% всего фактического посева таковой поврежден в такой степени, что не дает затраченных семян о чем составили настоящий акт в трех экземплярах. Один останется при аульсовета, а два экз. копии направляются на заключение в волисполком.

Правильность оценки погибших посевов удостоверяем (АОМА 1-қ., 1-т., 252-іс, 228-п.).

Осындай акт осы болыстың №2 ауылында құрғақшылықтан күйіп кеткен 257 дес. егістік жерге де толтырылады. Ол барлық егістік көлемінің 60% құраған. Ал №3 ауылда егістіктің 77%, ал №4 ауылда тіпті егістік жердің 100% күйіп кеткен (АОМА 1-қ., 1-т., 252-іс, 235, 244-пп.).

1925 жыл 4 қаңтарда Мартук болысы атқару комитетінің төрағасы Мягченко болыстарда бірыңғай ауыл шаруашылығы салығының орындалуын тексеру барысында Рыбаковский поселкесіндегі ашығып жатқан бірнеше шаруашылықты аралайды. Тексеру барысында Береза деген азаматтың балалары аштықтан ісініп кеткендерін көреді. Көп ұзамай бір баласы аштықтан өледі. 10 ақпанда жоғарыда аталған азамат Березаның, жұбайының және бір қызының аштықтан өлгені тіркеледі (АОМА 32-қ., 1-т., 106-іс, 19-п.).

1925 жыл 8 қаңтардағы зерттеуде Мартук поселкесінде 32 шаңырақта 183 жан өте – мөте көмекке зәру болып отырғандығы көрсетіледі.

Қаратау, Дмитриевский поселкелерінің өкілдері АШЖК жазған мәлімдемелерінде тұрғындардың аштықтан ісініп жатқандықтары, уақытында көмек берілмесе өліп кетулері мүмкіндігі жайында хабарлайды (АОМА 32-қ., 1-т., 106-іс, 6-п.).

Ақбұлақ болысында аштыққа ұшыраған шаңырақ саны 2357, жан саны 5300 құраған. АШЖК тарапынан көмекке 300 сом берілген. Кооперация арқылы 243 пұт 34 фунт ұн дайындалып, әр поселкедегі жандар санына қарай бөлінген. Бұл көмек 1925 жылдың 1 мамырына дейін ғана жетеді деп есептелді. Жалпы, қорының аздығынан тұрғындарға берілген тұқымдық ссуда қанағаттандырмайды. Ақбұлақ болысына ауыр жағдайларын тұрақтандыру үшін 5 мың сомға жуық қаржы керек болған (АОМА 32-қ., 1-т., 106-іс, 17-п. және келесі жағы).

Ақтөбе уезінің Родниковский поселкесінде 1925 жылдың 8 қаңтары қарсаңында 1200 шаңырақ немесе 6.631 жан болған. Оның 2610 жаны немесе тұрғындардың 40% аштыққа ұшыраған. Әсіресе, Морозов поселкесінде егіннің күйіп кетуі тым жоғары деңгейді көрсеткен. Поселкеде аштықтан өлу фактілері тіркелген, 5 – 6 шаруашылықтан басқалары түрлі қоспадан тұратын азықтармен қоректенген.

Жайсаң болысында 1625 шаңырақта 7613 жан тұрған. Азық – түліктен тарыққандар саны 3423 жанды немесе тұрғындар санының 45% құраған. Тұрғындар арасында аштықтан ауырып жатқандар тіркелген.

Ақбұлақ болысында 1897 шаңырақта 11.182 жан тұрған. Жыл бойында болыста 10.728 жан немесе тұрғындардың 96,6% азық – түлік жетіспеушілігіне ұшыраған.

Елек болысында 964 шаңырақ, онда 4.547 жан тіркелген. 2976 тұрғын немесе тұрғындардың 66 % азық – түлік тапшылығына ұшырағандықтары тіркелген.

Түзтөбе болысында шаңырақ саны 1729, ондағы тұрғындар саны 5.712 жан болған. Көмекке зәрулер саны 3.725 жан немесе тұрғындар санының 65,5 % құраған. Болыс 1924 жылғы егіннің шықпай қалуынан қатты жапа шеккен және басқа болыстарға қарағанда соңғы 5 жыл бойы қуаңшылықтан көз аспаған (АОМА 32-қ., 1-т., 106-іс, 33-35-пп.).

1925 жылдың басында Астрахань болысының атқару комитетінің басшысы губерниялық жер бөліміне жіберген баяндамасында осы болыстағы аштыққа ұшыраған тұрғындар жағдайын жан – жақты баяндап береді. Онда жағдай былай көрсетіледі: « В настоящее время число голодающих достигло 221 дворов с 826 душами. Указанные хозяйства взяты как самые крайне нуждающие, большинство бесскотные хозяйства, некоторые с обеспеченностью в 1 продуктивную голову или одной рабочей, питающие

исключительно хлебными суррогатами вроде просяной муки или просто картошкой, капустой и т.п. ерундой. Благодаря неурожайностью 2-х последних годов результатом чего появилась безработица оставившая в безвыходное положение бедняцкий слой крестьянства, а потому силу вышеуказанного в целях улучшения положения этого слоя крестьянства необходимо было дать или госработу или взять таковое на госснабжение. Но ввиду ограниченности госсредств, на госснабжение были только остроноуждающие, т.е. пухнувшие с голода, токовых по волости нашлось 500 душ, коим и была оказана самая минимальная поддержка выразившаяся выдаче по 25 ф. просяно – ржаной муки... Всего на душу в среднем за все время с 15 февраля по 5 мая пришлось пр 25 ф., что дало просуществовать голодающим около месяца. Для того, чтобы дотянуть до нового урожая т.е. 3 месяца считая 500 душ самых остроноуждающихся, необходимо 1500 п. муки...

Волисполкомам при раздаче семсуды последняя дана была от 1 дес. до 3, при чем на 1 дес. без всякого ручательства, а на остальные ручательства со стороны посевщиков. Исходя из вышеизложенного можно вывести заключение о жизни голодающих, влачающих существование 1921 г. По сведениям с/советов и сельККОВ посев ими произведен полностью на выданное количество семзерна. такая выдача вызвала недовольство средняцкого и кулацкого элементов перевозивших бесплатно семсуду из Ак., не получивших ее (АОМА 32-к., 1-т., 106-іс, 76-п. және келесі жағы).

БМСБ (ОГПУ) Ақтөбе губерниялық бөлімінің басшысы Альшанскийдің 1925 жылдың 27 қаңтарында Ақтөбе губерниялық атқару комитетіне жіберген аса құпиялы мәліметінде Мартук болысы Рыбаковский поселкесінде жалпы тұрғындар арасында 22 кедей отбасының ашаршылыққа ұшырап жатқандығы, 50 жастағы ер адам мен 14 жастағы қыз баланың аштықтан қайтыс болғандығы айтылады. Сондай-ақ поселкелік Кеңес пен шаруалардың қоғамдық өзара көмек комитеттері (ШҚӨКК) тарапынан аштыққандарға еш көмек болмай жатқандығы көрсетіледі. Осы мәселелерге назар аудара отырып, БМСБ (ОГПУ) губерниялық бөлімі «Независимо от этого, просьба сделать всем волостным исполкомам, сельаулсоветам, а также ККОВ распоряжение о том, чтобы последние усилили работу по борьбе с голодом, в местностях пораженных неурожаем и не допускали бы случаев смерти от

голода, которые, как видно из донесений полученных нами, происходят от халатного отношения местных сельских властей» (АОМА 516п-қ., 1-т., 844-іс, 16-п.).

Осы мәлімдемеге байланысты Ақтөбе губерниялық атқару комитетінің төрағасы Хангереевтің тікелей нұсқауымен жедел түрде жер-жерге аштықпен күрес және мұқтаж жандарға жан-жақты көмек беру жөнінде тапсырмалар беріледі (АОМА 32-к., 2-т., 45-іс, 49-п. және келесі жағы).

1925 жылы 28 қаңтарда арнайы комиссия тарапынан Ново – Российский болысының Маковский және Сухиновский поселкелерінде тұрғындар жағдайлары тексеріледі. Поселке тұрғыны отбасы 8 жаннан тұратын Андрей Метконың иелігінде бір сауынды сиыры, 1,5 пұт бидай, 20 ф. тары, картоп, тұздалған капуста ғана болған. Отбасында 6 жаны бар Варвара Девиченкованың иелігінде ешқандай азық – түлігі, киерге киімі, қорасында бір де бір бас малы болмаған. Дәл осындай жағдайлар Д. Самсонованың, Ф. Луценкованың, И. Литвиновтың отбасыларының болғандығы анықталады (АОМА 32-к., 1-т., 106-іс, 5-п.).

Ново-Российский болысының ШҚӨКК (ККОВ) төрағасы Черенковтың Ақтөбе қаласына АШКК жіберген мәлімдемесінде (5.02.1925 ж.) болыс бойынша ашығушылар саны 40% құрап отырғандығы, оларға 50 пұт астық бөлінгендігі, жарты айдан кейін бұл жандардың ашықтан өлулері мүмкіндіктерін алға тартып, АШКК азық-түлік жәрдемдерін берулерін сұрайды және осы бір аянышты жағдайға губерниялық жер комитетінің агенті Проскуряков куә болғандығын келтіреді (АОМА 32-к., 1-т., 106-іс, 3-п.).

1925 жылы 10 ақпанда Мартук болысы Рыбаковский поселкесінің 328 жаннан тұратын 70 отбасы ішінен 49 жаны бар 8 шаруашылық бөлек зерттеледі. Зерттеу нәтижесі жасалған актіде былай көрсетіледі: а) Аталған шаруашылықтар егін салған жерлерінен ешқандай мөлшерде астық жинай алмаған; б) Шаруашылық жандарынан өнімдерінің жоқтығынан кезкелген қоспалардан дайындалған азықтарды пайдаланып келген, оның өзі 3 күнге, әрі кетсе 1-2 аптаға ғана жетеді. Кейінгі өмірлері мемлекет көмегіне байланысты болады; в) Түрлі қоспалардан тұратын азықты пайдалану нәтижесінде жүрек айну және басқа да аурулар пайда болған; г) Аталған 8 шаңырақ жандары қоспадан тұратын азықты өткен жылдың желтоқсан айынан пайдаланып келген, мұның өзі астықтың әлдеқашан күйіп

кеткендігін көрсетеді; д) ШҚӨКК өте мұқтаж жандарға беріп жатқан көмегі мардымсыз, қоғамдық көмекті барынша күшейту қажет, себебі егістік жердің 94% күйіп кеткен. 733 жанға ауыл шаруашылығы салығы салынғанда 289 бас мал саны 210 қысқарып кеткен. Қалған 79 бас мал азық-түлік қажеттілігіне және салық өтеу үшін сатылған. Сатылған малдың басым бөлігі кедейлер үлесіне келген; ж) Поселке тұрғындарының 43 шаңырағын оралғандар (1921 жылғы аштықтан қашқандар) кұрайды. Олардың ішінде бір де бір бас малы жоқтар, егін салмағандар кездеседі. 43 шаңырақтың барлығы көмекке өте-мөте зәру болып табылады (АОМА 32-к., 1-т., 106-іс, 10-п. және келесі жағы).

Наурыз айының бас кезіндегі мәліметтерде аталмыш поселкедегі жалпы тұрғындардың 75% аштыққа ұшыраған (АОМА 3-к., 2-т., 45-іс, 110-п.).

Келесі бір деректе 10 наурызда жүргізілген дәрігерлік тексеріс поселкеде 15 отбасы аштықтан ауыр халде екендігін, болыстық ШҚӨКК қажетті көмек көрсетпей жатқандығын тіркейді (АОМА 3-к., 2-т., 45-іс, 154-п.).

Келіп түскен мәлімдемелерде сол Мартук болысына қарасты Қаратоғай поселкесінде аштықтан 18 адам ісініп жатқандығы, ал Рыков болысындағы Хлебодаров поселкесінде партия мүшесі аштықтан өлгені жөнінде хабарланады. Жоғарыда көрсетілген Қаратоғай болысының № 2 ауылында наурыз айының соңғы күндеріндегі мәліметте азық-түліктің жоқтығынан ашыққан 7 қазақ тұрғыны қайтыс болғандығы айтылады (АОМА 3-к., 2-т., 45-іс, 490-п.).

1925 жылдың 2 наурызында Ақкемер болысындағы Ново – Украинск поселкесінің тұрғынына қатысты акт жасалады. Онда поселкеде орын алған қайғылы оқиға жайында айтылады: «Гражданин названного пос. и волости Коркишко Лука Иванович, 70 л., бедняк, проживающий при четырех душ семьи детей в возрасте от 16 до 8 лет сего числа умер.

По наблюдении смертность такового проишошла ввиду его крайне бедного состояния, слабого здоровья и плохого питания получаемого от Комитета Взаимопомощи в количестве одного пуда проса на душу.

Приложение: Комиссия предусматривает, что для слабых гр-н такое питание, как пуд проса на душу не удовлетворительно, а для того, чтобы избежать в дальнейшем смерстных случаев нужно выдавать таковым более качественные продукты т.е. пригодные для слабых. В

чем постановили настоящий акт и подписуемся (АОМА 3-к., 2-т., 45-іс, 116-п.).

1925 жылдың 10 наурызы күні ауыл шаруашылығына көмек комитетіне Богословский болысына қарасты Луговой поселкесінің аштыққа ұшырап жатқан тұрғындары атынан арыз түседі. 132 жаннан тұратын 25 отбасының ашығып жатқандығы айтылады. 1924 жылы егіннің шықпай қалуы қуаты төмен шаруашылықтарды күйзеліске ұшыратқан. Қыркүйек айынан бастап тұрғындар тарымен, өсімдік тамырларымен, қоспалармен қоректене бастаған. Қараша айында Всесвят ауылдық кеңесіне ашыққандар тарапынан тізімдер жасалып жіберілген, бірақ нәтиже болмаған.

Отбасы мүшелері түгелдей аштықтан ісініп жатқандығы жайында мәліметтер шығып жатырған. Тихон дегеннің 5 жаннан тұратын отбасы 2 ай бойы бір үзім нанға зәру болып, өсімдік тамырларымен, қоспалармен қоректенгеннен ісініп жатып қалған. 7 жаннан тұратын келесі бір отбасы қолында жоғарыда көрсетілген талғажу етерлік қоспалар да қалмаған. М.Мунтян дегеннің 5 жаннан тұратын отбасы аштықтан ісініп кеткен. Қалған 22 отбасы да азық-түлік орнына түрлі қоспа, шөп тамырларымен қоректенген, оны өзі таусылуға жақын қалған. Осындай мәселелерді келтіре отырып, арыз иелері: «Если не будет оказана скорая помощь, то таковые должны помереть мучительной смертью» деп көрсетеді (АОМА 3-к., 1-т., 143-іс, 90-п. және келесі жағы).

Сөйтіп, құрғақшылық әсерінен, орын алып отырған осы жағдайларды шешуде биліктің дәрменсіз әрекеттерінен тұрғындар басына ауыр да қасіретті жағдай туындаған еді.

Билік тарапынан орын алған әрекетсіздік одан әрі жалғасын тапты деп айтуға болады.

Осы кездері көрші губернияларда да жағдай ауыр болды. БМСБ СӨ (ПП ОГПУ) 1924 жылдың 1 шілдесіндегі хабарламасында Ақмола губерниясындағы ашығушылар саны 50-60 мыңға дейін жеткендігі, Қараралы болысында мамыр айында 30 адам аштан өлгендігі тіркелгенін көрсетеді (Советская деревня глазами ВЧК–ОГПУ–НКВД, 2000: 228-229).

Ал, осы мекеменің келесі бір мәліметі бойынша 1924 жылдың 15–22 шілде аралығында Орынбор губерниясында кей жерлерде түгелімен егін шықпай қалғандығы, аш адамдар ветеринар-дәрігерлердің тиым салуына карамастан көмілген малдардың өлекселерін қазып алып, азыққа пайдаланғандары жайында хабарлайды

(Советская деревня глазами ВЧК–ОГПУ–НКВД, 2000: 230).

Түрлі жұқпалы аурулар да шыққан. Ақтөбе губерниясында кей поселкелерде безгек ауруына шалдыққандар тұрғындардың 60-70% құраған[с.124].(«Совершенно секретно»: Лубянка – Сталину О положении в стране (1922-1934 гг.), 2001: с.124).

1925 жылдың 4 қарашасында Ақтөбе губерниялық жоспарлау бөлімінің мәжілісінде алдағы уақыттардағы құрғақшылықпен күрес жұмысының жоспарын алғаш талқылау барысында губерниялық жер басқармасына КСРО бөлген қаржыға байланысты губернияға тиісілі қаржы көлемі негізінде жоспарды қайта құру ұсынылады. РКФСР құрғақшылыққа ұшыраған 12 губернияға 59.000.000 сом бөлінгені есепке алғанда Ақтөбе губерниясына 5.000.000 сом тиісілі болар еді. Соған байланысты губерниялық жер басқармасы губернияға тиісілі соманы 5.700.000 сом деңгейінде қайта жоспарлайды. Алайда губерниялық жоспарлау бөлімінің 10 қарашадағы мәжілісінде ол қаржы көлемі 1.800.000 сомға азайтылады. Бұл шешім үлкен қателік болып саналды. Мұнда барлық қажетті жағдайлар, туындар зардаптары ескерілмеген деп есептелді.

Шындығында, құрғақшылық КСРО басқа аймақтарына қарағанда Ақтөбе губерниясы үшін өте-мөте қауіпті еді. Егер Еділ өзенінің орта және төменгі бойларында атмосфералық ылғалдылық 300 – 400 мм. құраса, губернияда ол көрсеткіш 260-120 мм. болды. Он жыл сайын қайта соғып тұратын құрғақшылық және жұттан миллиондаған мал ғана емес, тіпті мындаған адам шығыны болып тұрды. Мысалы, 1921 жылғы қуаңшылық, аштық кезеңінде 3.000.000 мал өлімі болады, егістік жер көлемі 60% қысқарып, шаруашылықтың 75% толықтай күйзеліске түскен. Қуаңшылық қауіпінің қайталануы мүмкін кезінде бүкіл күш, қаражат оны болдырмау ісіне жұмылдырылуы керектігі айтпаса да түсінікті еді. Сондықтан губерниялық жоспарлау бөлімінің бөлінер қаржы көлемін қысқарту әрекеті дұрыс емес ретінде саналды.

Соған байланысты ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Озолиннің губатком төрағасына жіберген жазбасында осы мәселе былай көрсетіледі: « В нашей губернии где каждое десятилетие погибает на десятки миллионов рублей народного достояния, где тысячи стариков, женщин и детей умирают в зимнюю стужу от голодной смерти, скрывать свои потребности в средствах по борьбе с засухой не только чрез-

вычайно не целесообразно, но и преступно и этот шаг губплана нужно признать крайне недуманным и ничем не обоснованным» (АОМА 3-қ., 1-т., 143-іс, 568-п. келесі жағы).

Өте ауыр жағдайдағы губернияға мемлекеттің көмек көрсетер қауқары болмай шықты. Онсыз да азық-түлікке зәру тұрғындар кезінде қарызға алған тұқымдыққа қажетті дақылдарды тез арада қайтаруға мәжбүр болады. Бұл жағдай еңсесін көтеріп, оңала алмай жатырған тұрғындарға үлкен соққы болды.

1925 жылы қараша айында РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Рыковтан республика басшылығына №10250 тіркеуімен жедел хат жіберіледі. Онда тұқымдық ссудалар бөлуге қаражат жетпеуіне байланысты мемлекеттен көмек болмайтындығын, көмек жағдайлары тұрақты аудандардан қарыздарды жинап алудан шығатындығы айтылады. Жеделхатта осы күнге шейін республикада қарыздарды қайтарып алу жұмыстары тым баяу жүріп жатқандығы, бұл жағдай алға қойған міндеттердің орындалуына қауіп төндіріп тұрғандығы, осы бағыттағы жұмыстың дұрыс еместігі ескертіледі. Сол себепті, Екіншілік Халық Комиссариатының жұмысын ширату, қарызды қайтарып алу жұмыстарына әкімшілік және партиялық қызметкерлерді кеңінен тарту, алдағы айларда осы жұмыс екпінді түрде жүруі мәселелері тапсырылады (АОМА 3-қ., 1-т., 143-іс, 581-п.).

Осы жеделхат негізінде Қазхалком атынан барлық губаткомдарға және Адай ревкомына нұсқаулар жіберіледі. Онда мемлекет тарапынан көмек берілуі және егін егу науқанының ойдағыдай өтуі осы қарыздарды қайтарып алу жұмыстарының нәтижесіне байланысты екендігі баса айтылады және қарыз жинау жұмысын таяу арада аяқтау тапсырылады (АОМА 3-қ., 1-т., 143-іс, 580-п.).

1925 жылдың 1 желтоқсанында губерниялық жедел үштік уездік жедел үштіктерге тұқымдық ссудаларды жинап алуға тапсырма береді. Науқанның маңыздылығына тоқтала отырып, осы жұмыстың дер кезінде орындалуын қадап көрсетеді: «Предупреждаем, что отступление от принятого календарного плана нами будет рассматриваться как срыв кампании по сбору семенной ссуды и административные органы или лица допустившие подобное разгильдяйство будут привлечены к суровой ответственности по суду. ...Работа по сбору семенной ссуды и на основании телеграммы предсовнаркома тов. Рыкова проводится в боевом порядке всвязи с чем все

Ваши распоряжения должны быть четки, решительны, тверды, подлежащие немедленному безоговорочному выполнению» (АОМА 3-к., 1-т., 143-ис, 584-п.).

Қорытынды

Сонымен, қорыта келгенде 1921–1922 жылғы аштықтан кейінгі кезеңдерде де қуаңшылық жылдар болғанын көреміз. Әсіресе 1924–1925 шаруашылық жылы аяздың ерте түсуі, жауын-шашынның болмауы, егістік жерлердің күйіп кетуі губерния тұрғындары басына зор апат әкелді. Өкінішке орай республикалық билік, Ор-

талық тарапынан дер кезінде қажетті деңгейдегі көмек-жәрдем бола бермеді. Нәтижесінде тұрғындардың аштықтан өлулері орын алды. Билік алдағы уақыттарда да мәселенің одан әрі шиеленісуіне жол бермеу мақсатында құрғақшылықпен күрестің 3 жылдық жоспарын жасақтауға мәжбүр болды. Дегенмен оны жүзеге асыруға қажетті ресурстарды онсыз да бастарына төнген қасіреттен оңа алмай жатқан тұрғындардың өздерінен жинап алуды қолға алды. 1924–1925 жыл губернияның әлеуметтік-экономикалық тарихында тұрғындарды аштыққа соқтырған тағы да бір ауыр да қасіретті кезең болып қалатындығы сөзсіз.

Әдебиеттер

- АОМА (Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві) 155-к., 1-т., 13-ис, 1-п.
 АОМА 1-к., 1-т., 252-ис, 228-п.
 АОМА 3-к., 1-т., 59-ис, 7-п.
 АОМА 3-к., 1-т., 117-ис, 1-п.
 АОМА 3-к., 1-т., 143-ис, 27-п.
 АОМА 32-к., 2-т., 45-ис, 49-п. және келесі жағы
 АОМА 32-к., 1-т., 106-ис, 76-п. және келесі жағы.
 АОМА 155-к., 1-т., 21-ис, 16-18-п.п.
 АОМА 516-к., 1-т., 844-ис, 6-п және келесі жағы
 Венер М. (1993) Лицом к деревне: советская власть и крестьянский вопрос (1924–1925 гг.) // Отечественная история. №5. С.86-108
 Гровер Ферр (2020) «Красная империя зла». Запад против Сталина. Монография.-Москва: Изд.Родина, 363 с.
 Кочетков И. В. Неурожай 1924 года: масштабы, причины, последствия [Электронный ресурс] – URL: <https://secrethistory.su/941-neurozhay-1924-goda-masshtaby-prichiny-posledstviya.html> (дата обращения 27.09.2025)
 Поляков Ю. А. (1958) Недород 1924 г. и борьба с его последствиями // История СССР. №1. – 52 – 82.
 Ренко Д. (2020) Империя лжи. НЭП. Эволюция деревни [Электронный ресурс] – URL: https://zhurnal.lib.ru/d/dzhordzh_r/imperiya_lzhi_nep_evolutsiya_derevni.shtml; (дата обращения 27.09.2025)
 «Совершенно секретно»: Лубянка – Сталину о положении в стране (1922-1934 гг.). (2001) т.2. Сб. документов-Москва: Изд. Центр ИРИ РАН.- 424 с.
 Соколов А. С. (2024) Хозяйственный кризис 1924-1925 годов и его влияние на аграрную политику в советской деревне // Вестник Рязанского государственного университета имени С.А.Есенина. №3 (84). С.29-35
 Советская деревня глазами ВЧК–ОГПУ–НКВД. (2000). Советская деревня глазами ВЧК–ОГПУ–НКВД. 1918–1939. Документы и материалы. В 4-х т. / Т. 2. 1923–1929 / Под ред. А.Береловича, В.Данилова. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН). 1168 с.
 Таугер М. Голод, голодомор, геноцит [Электронный ресурс] – URL: <https://istmat.org/files/uploads/66067/tauger.pdf> (дата обращения 27.09.2025)

References

- АОМА (Aqtöbe oblysynyñ memlekettik arhivi) 155-q., 1-t., 13-is, 1-p.
 АОМА 1-q., 1-t., 252-is, 228-p.
 АОМА 3-q., 1-t., 59-is, 7-p.
 АОМА 3-q., 1-t., 117-is, 1-p.
 АОМА 3-q., 1-t., 143-is, 27-p.
 АОМА 32-q., 2-t., 45-is, 49-p. және kelesi jaǵy
 АОМА 32-q., 1-t., 106-is, 76-p. және kelesi jaǵy.
 АОМА 155-q., 1-t., 21-is, 16-18-p.p.
 АОМА 516-q., 1-t., 844-is, 6-p және kelesi jaǵy
 Vener M. (1993) Lizom k derevne: sovetsskaya vlast' i krest'yanskij vopros (1924–1925 gg.) [Facing the Village: Soviet Power and the Peasant Question (1924–1925)] // Otechestvennaya istoriya. №5. S.86-108 (in Russian)

Grover Ferr (2020) «Krasnaya imperiya zla». Zapad protiv Stalina [“The Red Empire of Evil.” The West against Stalin]. Monografiya -Moskau: Izd.Rodina, 363 s. (in Russian)

Kochetkov I. V. Neurozhaj 1924 goda: masshtaby, prichiny, posledstviya [Crop failure of 1924: scale, causes, consequences]. [Elektronnyj resurs] – URL: <https://secrethistory.su/941-neurozhay-1924-goda-masshtaby-prichiny-posledstviya.html> (data obrashcheniya 27.09.2025)

Polyakov YU. A. (1958) Nedorod 1924 g. i bor'ba s ego posledstviyami [The crop failure of 1924 and the struggle against its consequences] // Istoriya SSSR. №1. – 52 – 82. (in Russian)

Renko D. (2020) Imperiya lzhi. NEP. Evolyuciya derevni [Empire of Lies. NEP. Evolution of the Village] [Elektronnyj resurs] – URL: https://zhurnal.lib.ru/d/dzhordzh_r/imperiya_lzhi_nep_evolutsiya_derevni.shtml; (data obrashcheniya 27.09.2025) (in Russian)

«Sovershenno sekretno»: Lubyanka – Stalinu O polozhenii v strane (1922-1934 gg.) [“Top secret”: Lubyanka – Stalin on the situation in the country (1922-1934)]. (2001) t.2. Sb. dokumentov -Moskau: Isd-vo IRI RAN. – 424 s. (in Russian)

Sokolov A. S. (2024) Hozyajstvennyj krizis 1924-1925 godov i ego vliyanie na agrarnuyu politiku v sovetskoj derevne [The economic crisis of 1924-1925 and its impact on agrarian policy in the Soviet village.] // Vestnik Ryazanskogo gosudarstvennogo universiteta imeni S.A. Esenina. №3 (84). S.29-35 (in Russian)

Sovetskaya derevnya glazami VCHK–OGPU–NKVD. (2000). Sovetskaya derevnya glazami VCHK–OGPU–NKVD. 1918–1939 [Soviet Village Through the Eyes of the Cheka–OGPU–NKVD. 1918–1939]. Dokumenty i materialy. V 4-h t. / T. 2. 1923–1929 / Pod red. A. Berelovicha, V. Danilova. – M.: «Rossijskaya politicheskaya enciklopediya» (ROSSPEN). 1168 s. (in Russian)

Tauger M. Golod, golodomor, genocit [Famine, Holodomor, Genocide] [Elektronnyj resurs] – URL: <https://istmat.org/files/uploads/66067/tauger.pdf> (data obrashcheniya 27.09.2025)

Авторлар туралы мәлімет:

Исмагулов Ұзақбай Шаукерұлы – тарих ғылымдарының докторы, «Тарих» кафедрасының профессоры, Қ.Жұбанов атындағы АӨУ (Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: uzakbai_is@mail.ru)

Исмагулова Динара Муратқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің PhD студенті (Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: dinara-muratovna@inbox.ru)

Information about authors:

Ismagulov Uzakbay Shaukerovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Republic of Kazakhstan, e-mail: uzakbai_is@mail.ru)

Ismagulova Dinara Muratovna – PhD student L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: dinara-muratovna@inbox.ru)

Сведения об авторах:

Исмагулов Узакбай Шаукерович – доктор исторических наук, профессор кафедры истории АРУ им. К. Жубанова (Актөбе, Казахстан, e-mail: uzakbai_is@mail.ru);

Исмагулова Динара Муратовна – PhD-студент Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: dinara-muratovna@inbox.ru).

Келіп түсті: 03.10.2025

Қабылданды: 25.11.2025